Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

14 қаңтар сейсенбі
№3 (2116)
2025 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Сарапшылар 2025 жылы Бета ұрпақ дүниеге келетінін айтуда. Бұл қандай ұрпақ дерсіз. Адамзат баласының жаңа буынының алдыңғы толқынға ұқсамайтын өз ерекшелігі бар. Осы орайда Бета ұрпағы туралы жазғанды жөн көрдік. Бета ұрпағы деп 2025 жылдан кейін дүниеге келетін балаларды атайды, олар технологиялар мен сандық өзгерістердің ортасында өседі. Бұл ұрпақтың өмір сүру салты мен құндылықтары жаңа дәуірге сай. Олар өз өмірін жасанды интеллект, робототехника, виртуалды шындық сияқты технологиялармен байланыстырады. Сонымен қатар олар үшін экологиялық жауапкершілік, инклюзивті қоғам және сандық мәдениет негізгі құндылықтарға айналады. Жаңа ұрпақтың дүниетанымы мен айналаға көзқарасы бөлек. Олар тек технологияларды қолданушы емес, сонымен қатар жаңа технологияның дамуына үлес қосады. Әлемді өзгерту үшін қандай құралдар мен әдістер қолданатынын, түрлі инновация жасайтын да осылар.

4-БЕТТЕ

БЕТА ҰРПАҚ:
Жаңа буын кезеңі басталды

2025– ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚҚА АЙНАЛА МА?

2025 жыл қарапайым еңбек адамдары үшін жақсы жаңалықпен басталды. Себебі биыл жұмысшылардың мәртебесі артып, олардың еңбегіне қоғамның назары ауды.

Мемлекет басшысы былтырғы Жолдауында қарапайым еңбек адамдарын қуантып, 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялайтынын айтқан еді.

– Кәсіптік білім беру саласына реформа жасау – айрықша өзекті мәселе. Бұл – экономиканың өсімін қамтамасыз ету және инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін аса қажет қадам. Мен 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялаймын. Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Сондай-ақ біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз, – деген болатын Президент жолдауда. Яғни қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануы тиіс.

Мемлекет басшысының айтуынша, жұмысшы мамандықтар жылы қоғамда еңбекқорлық пен кәсіпқойлық идеясын ілгерілетуге ықпал етеді. «Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек. Бұл біз ұсынып отырған «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатына толық сай келеді», – деп атап өтті президент Қасым-Жомарт Тоқаев.

2025 жыл – Жұмысшы мамандықтар жылы деп жариялануына орай, кәсіптік білім беру саласына реформа жасау – өзекті мәселе. Бұл тұрғыда жоғары оқу орындары ғана емес, техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері де білікті кадр даярлауды қолға алмақ. Бұл мақсатта кәсіптік білімді трансформациялаудың 2025-2027 жылдарға арналған Жол картасы қабылданды.

– Кәсіптік бағдар берудің реформасы оқушыларға еңбек нарығындағы жаңа талаптар туралы білуге, экономиканың нақты секторларындағы мансап перспективаларын бағалауға және мамандықтарды дұрыс таңдауға мүмкіндік береді. Бұл үшін мектептердегі кәсіби бағдарлау қызметі күшейтіледі, осы арқылы оқушылар толығымен кәсіби диагностикамен қамтылады. Жоғары сынып оқушыларын практикалық дағдыларға және колледждер базасында алғашқы жұмыс кәсібіне оқыту тәжірибесі енгізіледі, – дейді Оқуағарту министрі Ғани Бейсембаев.

2-БЕТТЕ

РУХАНИЯТ

Мүсілім ӘМЗЕ, Қазанғап атындағы Қызылорда жоғары музыка колледжінің директорының міндетін атқарушы, Қызылорда облыстық симфония оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижері:

ҚҰТ ҚОНҒАН ОРДАҒА ЖАН-ЖАҚТАН ӨНЕРПАЗДАР КӨШІП КЕЛІП ЖАТЫР

Өнер құдірет болса, дирижерлік классикалық өнердің шыңы деуге болады. Жұмбақ әлеммен сырласып, бірнеше аспаптың үнін бір арнаға тоғыстырып, ғаламат әуенмен адам жанын тербейтін әлемдік туындыларды көрерменге жеткізу – дирижердің мықтылығы. Сиқырлы таяқшамен әуеде сурет салатын дирижер кәсіби шебер болса, адам жанын баурап алып, қалың көрерменнің құрметіне бөленіп, әр концертінде ду қол шапалақпен күтіп алып, шығарып салады. Өнер адамы үшін бұдан асқан қуаныш пен бақыт болмайды. Бүгінгі сұхбатымыздың кейіпкері – Мүсілім Әмзе осындай тарлан талант иесі. Бойындағы сан өнерімен көпшілікті тәнті еткен кәсіби өнер шеберімен сұхбаттасудың сәті түскен еді.

2-БЕТТЕ



ҚЫЗЫЛОРДА АСТАНА БОЛҒАНДА...

Қызылорда атауының авторы

Күнделікті күйбең тіршілікте мына біз күн сайын басып жүрген қастерлі топырақта бізге дейін кімдер болғанын елей бермейміз ғой. Қазақ басынан қанша нәубетті жылдар өтті. Соның әрбір сәтінде қанша қиындық көрсе де сағы сынбай, сол қиындықтар кезіккен сайын шыңдала түскен қазақтың рухы қандай мықты десеңші... Ауылды екіге бөліп, ортаға орналасқан Қоғалыкөл талай сырды ішіне бүккен күйі үнсіз жатыр. Тарихтан тін тарта қалсаңыз, әрбір төбе басында ұлылар жүрген даңғыл жол менмұндалайды... Осы қасиетті мекенде қазақ тарихында елеулі орын алған Мұңайтпас пен Қожық әулеті де өмір сүрді.

Биыл – Қызылорданың астана болғанына 100 жыл. Осы бір алтын уақыт төрінде біздің қазақ деген ұлтымыздың ұлық атауын қайтарып алып, таңбалағанымыз да сол 1925 жыл еді... Сырдың төменгі ағысына жайғасқан Ақмешітке сол уақытта жаңа есім қойып, Қызылорда деп айдар таққан Қоңырқожа Қожықов туралы жазар сәтте бұған дейін де оқыған тарихты тағы бір мәрте шолып шықтым. Ауыл тарихшысы Үлпат Қожаназарова айтқандай, расында екі әулеттің ғұмырында тұтас қазақ тарихы жатыр екен. Ауыл ақсақалы Қамар Рүстемов әңгімені әріден бастады.

– Қоңырқожа туралы айтпас бұрын әуелі Қожық қайдан шыққанын ойлау керек. Қожық – Қоңырқожаның әкесі. Ал Қожықтың әкесі – Қорасан қожадан тараған Алтайбек. Бала күнімде ауыл сыртында шөп орып жүргенде доңыздан қашып, сол Алтайбектің үлкен күмбезді мазарына талай бардым. Мұның бәрін көріп өстік. Қоңырқожа бала күнінен білімге құштар болып өседі. Хат танып, медреседе білім алады. Елдің болысы Мұңайтпас мектеп ашқан кезде оған жан-жақтан мұғалім іздейді ғой. Сонда Қоңырқожаның кандидатурасы сай келеді екен. Осылай бала оқытып жүрген ол күндердің күнінде Мұңайтпастың қызы Ләтипаға ғашық болады. Бірақ болыстың қызын алуға оның шамасы келмеген екен. Араға біраз уақыт салып, Ләтипаға бөгде біреулер құда түсуге келе жатқанын білген соң, екі ғашық қол ұстасып, бірге қашып кетеді екен. Міне, содан бері Қоңырқожа бір жерде тұрақтамаған деседі. Үнемі тұрғылықты жерін ауыстырып отырған, – деп қалың ойға шомды ақсақал.

3-БЕТТЕ

Қоғалыкөлге өткен күннің белгісін іздеп барған әрбір жан әуелі мектеп тарихшысы Үлпат Қожаназарованың көмегіне жүгінеді. Елді мекенге келген халықаралық деңгейдегі тарихшылар мен археологтардың талайын көрді. Экскурсовод болып, ауыл іргесіндегі орта ғасырлық көне қалаларға да, қазаққа Алаш қайраткерлерімен қатар қызмет еткен тұлғалардың зиратына да барды. Бүгінде осы құндылықтарды қалың қазаққа насихаттап жүрген жан ауылдағы Мұңайтпас әулеті мен Қожық әулетінің ғұмырына тұтас қазақтың тарихы сыйғанын айтады. Айтпақшы, Үлпат Сембекқызы – жоғарыда айтқан тұлғаларды ғылымға алғаш енгізген жан.

Үлпат ҚОЖАНАЗАРОВА, №44 орта мектептің тарих пәнінің мұғалімі:

ҚОҢЫРҚОЖАНЫ ҒЫЛЫМҒА БІРІНШІ БОЛЫП ЕНГІЗДІМ

– Биыл Қызылорда қаласының астана болғанына – 100 жыл. Ғасыр тойында Қоңырқожа Қожықовтың да есімі еленсе екен деп жүргендер көп. Қызылорда атауының авторы – Қоңырқожа. Осы мәліметке тоқталып өтсеңіз...

– Әңгімені сол кезеңдерде беделді қызметте болған Сұлтанбек Қожанов, Санжар Асфендияров және Қоңырқожа Қожықов бір-бірімен бажа екенінен бастайын. Үшеуі Мұңайтпастың үш қызын алған. Міне, сол Қызылорда астана болған жылда Сұлтанбек Қожанов Қазақстанның аумақтық территориясын қайта жасақтау барысында біздің өңірдің Қазақстанның орталығы болуының тиімді тұстарын дәлелдеп шығады. Осыдан соң еліміздің астанасы атанған шаһардың атын қоярда Қоңырқожаның дәлелдемелері көпшілікке ұнайды. Ол «Алтын орда – Қазақстан территориясында пайда болған ең ірі мемлекеттердің бірі. Біз өзіміздің түп тамырымызды Алтын ордадан алдық. Қазақ хандығының бүкіл мұрасы бізге осы ордадан алдық. Біз бұл атауды өзіміздің тарихымызбен байланыстыруымыз керек. Сол кезде жаңа билік те ашуланбайды, біздің тарихи тамырымыз да жоғалмайды» деген екен. Оның бұл сөзі көптің ойынан шығып, Қызылорда атауы қабылданды.

3-БЕТТЕ

МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚҚА АЙНАЛА МА?

Елімізде кәсіптік-техникалық білім беретін 772 колледж бар екен. Оқу орындарында 565 мың студент білім алуда. Ал 2024 жылдың қорытындысы бойынша техникалық және кәсіптік білім беруде мемлекеттік тапсырыс көлемі 143 мың орынды құраған.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен аймақтарда бұл бағытта нақты іс-шаралар қолға алынды. Жұмысшы кадрларын даярлау, жаңа педагогикалық технологиялар мен сұранысқа ие дағдыларды оқыту, колледждердің материалдық-техникалық базасын дамыту, колледж түлектерін жұмысқа орналастыру және басқа да маңызды мәселелер жан-жақты көтеріліп, жоспар құралған. Бүгінде әр аймақта «Жұмысшы мамандықтар жылының» салтанатты ашылуын ұйымдастыру бойынша тиісті жұмыстар атқарылуда.

Сыр өңірінде 28 колледжде 97 мамандық, 158 біліктілік бойынша еңбек нарығына қажетті мамандар даярлауда. Оның ішінде 19 колледжде 45 мамандық, 49 біліктілік бойынша жұмысшы мамандарды дайындап шығуға үлестерін қосуда. Атаулы жылда облыстық іс-шаралар жоспары мен комиссия құрамы бекітілген. Алдағы уақытта жүйелі жұмыс істеу үшін жергілікті бюджеттен 899,9 млн теңге қаражат бөлінеді деп жоспарланған. Аталған қаржыға колледждерді күрделі жөндеуден өткізеді. Мектептерде кәсіби бағдар беру кабинеттерін ашады. Сонымен қатар «Кәсіби бағдар беру педагогі» штат бірлігін енгізу жоспарланған.

Осы орайда айта кетейік, алдағы уақытта колледждерді үздік бітіруші 100 студентке тұрақты жұмысқа орналасуға жолдама беріледі. Осы мақсатта өңірдің ірі кәсіпорындарымен арнайы келісім-шарт жасау жоспарлануда.

И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжінде 34 мамандық бойынша білім беру лицензиясы алынған. Қазіргі уақытта 1800 студентті кәсіби маман етіп шығару мақсатында жүйелі жұмыс жүруде. Оқу орны алдағы уақытта қоғамға қажетті жұмысшы мамандарды даярлауда өз үлестерін қоса бермек.

– Колледж білім алушыларын кәсіптік машықтанудан өткізу және жұмыспен қамту мақсатында Қызылорда механикалық заводы «Квант» ЖШС-мен келісім-шартқа отырды. Заман талабына сай мамандар даярлауда колледж бітірушілерінің еңбек нарығына бейімделуіне көмек көрсету, жұмысқа орналасу мәселелері бойынша білім алушыларға кеңес беру, лайықты бос жұмыс орындарын іздеуге жәрдемдесу, колледж бітірушілерінің жұмысқа орналасуына тоқсан сайын мониторинг жүргізіледі.

Басы 1-бетте

Ел Президентінің жұмысшы мамандықтар жылын жариялауы бекер емес. Елімізде су, энергетика сияқты салалар бойынша маман тапшы. Сондықтан кәсіптік білім беруге де көңіл бөлінуі қажет. Бұл тұрғыда кәсіптік білім беру мекемелері де білікті мамандар даярлауды мықтап қолға алу керек. Қаламыздағы «Орда» жоғары колледжінің директоры Гүлжамила Досжанова жұмысшы мамандарының мәртебесін арттыру үшін жұмыс істеу басты міндетіміз деп санайды.

Колледжде «Жас маман» жобасы шеңбері аясында «Электр құрастырушы» біліктілігі бойынша құзіреттілік орталығы ашылған. Құзіреттілік орталығының негізгі мақсаты – еңбек нарығындағы сұранысқа ие білікті маман даярлау, қайта даярлау курстарын ұйымдастыру, AgroSkills және WorldSkills халықаралық стандарттарына сай мамандар даярлау, чемпионаттарға қатысу үшін аймақтық команда мен Қазақстан құрамасына бәсекеге қабілетті қатысушыларды даярлау инфрақұрылымын қалыптастыру. Жұмысшы мамандығының беделін көтеру, оны насихаттау мақсатында жүйелі түрде өткізілетін «Worldskills Kazakhstan» Ұлттық чемпионатының аймақтық кезеңдерінде колледж білім алушылары жақсы нәтиже көрсетіп жүр. Колледж ұжымының алдында еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, теориялық білімді, кәсіби дағдылар мен біліктіліктерді еркін меңгерген, мамандығы бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде жұмыс істейтін, өз бетінше шешім қабылдай алатын жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр. Мемлекет басшысы 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялағанына осы мамандықта оқып жүрген студенттердің қуанғаны да анық. Себебі алдағы уақытта мемлекет қолдауы мен қамқорлықтың арқасында мамандық мәртебесі артады. Яғни жұмысшы мамандар үшін мүмкіндік жылы. Қарапайым еңбек адамдарына бірдей құрметпен қарау, әрбір маманның еңбегін бағалау – қоғамның дамуы үшін маңызды қадам, – дейді И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжі директорының орынбасары Бақдәулет Дүрман.

Ел Президентінің жұмысшы мамандықтар жылын жариялауы бекер емес. Елімізде су, энергетика сияқты салалар бойынша маман тапшы. Сондықтан кәсіптік білім беруге де көңіл бөлінуі қажет. Бұл тұрғыда кәсіптік білім беру мекемелері де білікті мамандар даярлауды мықтап қолға алу керек. Қаламыздағы «Орда» жоғары колледжінің директоры Гүлжамила Досжанова жұмысшы мамандарының мәртебесін арттыру үшін жұмыс істеу басты міндетіміз деп санайды.

– Жұмысшы біліктілігі бойынша бізде техникалық мамандықтарымыз бар. Автомобиль көлігін жөндеу, автоэлектрик, автослесарь деген сияқты. Сонымен қатар электр монтаждау және IT мамандықтарына басымдық беріліп жатыр. Атап айтатын болсақ, электрмен қамтамасыз ету мамандығы бойынша бізде тіпті студенттеріміз іс-тәжірибеден өтіп жүріп жұмысқа орналасып кетеді. Биыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланды. Бұл жұмысшы мамандығы сапасының жоғарылауына және жұмысшы біліктілігінде оқып жатқан студенттердің мәртебесін көтеруге арналған бірден-бір мүмкіндік деп айтуға болады. Ең бастысы әркім жауапкершілкті терең сезініп, өз міндетін сапалы атқаруға тиіс. Біз де қоғамға жаны ашып, шын еңбек ететін нағыз еңбек адамдарын дайындауды мақсат етіп отырмыз, – дейді «Орда» жоғары колледжінің директоры Гүлжамила Досжанова.

Халқымызда «Жұмыстың көзін тапқан байлықтың өзін табады» деген сөз бар. Яғни кәсібіне адал әрі жауапкершілікпен қараған адам қашанда лайықты бағасын алады. Еңбекқор, нағыз кәсіби мамандардың мәртебесі артып, абыройы арта түспек.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ
Суретті түсірген **Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**

Мүсілім ӘМЗЕ, Қазанғап атындағы Қызылорда жоғары музыка колледжі директорының міндетін атқарушы, Қызылорда облыстық симфония оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижері:

ҚҰТ ҚОНҒАН ОРДАҒА ЖАН-ЖАҚТАН ӨНЕРПАЗДАР КӨШІП КЕЛІП ЖАТЫР

– Мүсілім мырза, классикалық музыка өнерінде Ахмет Жұбанов бастаған дирижерлер шоғырын бүгінде өзіңіз жалғастырып келе сіз. Өнер жолындағы өрелі тұстарды айтып, әдемі әңгіме өрбітсек...

– Қысқаша баяндасам, Қызылорда музыка училищесінің, сосын Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының түлегімін. Алматыдағы айтулы өнер ұжымдарында еңбек еттім, түрлі деңгейдегі білім ордаларында сабақ бердім. Әлемнің әйгілі бірнеше сахнасында өнер көрсеттім, тәжірибе алдым. Өнер жолында тәлім алар көптеген жақсы адам жолықты. Қазір Қызылорда облысында ашылғанына жыл толған симфония оркестріне жетекшілік етем. Қазанғап атындағы Қызылорда жоғары музыка колледжінің басшысымын.

– Музыка тарихының ғылыми деректерін, әсіресе, дирижерлердің еңбегін жинап, елге танытқан ғалымдар көп емес. Соның бірі өзіңізсіз. Қазір де зерттеумен айналысасыз ба?

– Консерватория докторантурасында оқып жүргенде зерттеу жұмысымен айналысып, «Қазақстанның дирижерлік өнері: қалыптасу тарихы мен даму кезеңдері» тақырыбында докторлық диссертация жазып, 2022 жылы сәтті қорғадым. Қазақстан дирижерлік өнерінде айшықты із қалдырған 33 дирижердің мұрасы жарыққа шықты. Докторант кезімде алғашқы қазақ дирижерлерінің бірі, аты ұмыт болуға шақ қалған, қазақ оркестрімен алғаш рет үш күйді грампластинкаға жаздырған сырбойылық Мәлік Жаппасбаевтың атын жаңғыртып, «Мәлік Жаппасбаевтың музыка мұрасы» атты оқу құралы баспадан шықты. Қазір де дирижерлерге қатысты сирек материалды жинап жүргенім болмаса, түгелдей зерттеу жұмысымен айналысамын деп айта алмаймын. Жұмыс көптігінен уақыт бола бермейді. Осы жылы аталған еңбекті монография ретінде кітап етіп бастыра алсам, басты жұмыстың бірі болар еді.

– Дирижерлік өнердің құпиясы қандай? Бірнеше музыканың әуенін бір арнаға тоғыстырып, туындыны көрерменге паш ету оңай шаруа емес секілді...

– Әрбір мамандықтың өзіне тән қиындығы болады. Айтарлықтай аса құпия жоқ. Осы салаға өмірінді арнасаң, жаныңды берердей жақсы көрсең, жұмысыңа қажет табандылық болса, жетістіктің ауылы алыс емес. Бұдан бөлек, есте сақтау, ести білетін, жадыңда тоқи алатын табиғи қабілет болуы керек. Дирижерге қойылар талаптың үдесінен шыға білу үшін де жылдар бойы тер төгуге тура келеді.

Басы 1-бетте

– Сыр өңіріндегі күйшілердің тарихын зерттеп көрдіңіз бе? Жалпы тек күйшілік емес, әншілік өнерді де жоқтаушылар қатарындасыз. Ұлттық өнердің жанашыры ретіндегі еңбектеріңіз жарық көрген болар?

– Музыкант ретінде күйші, әнші мұрасына бейжай қарай алмаймын. Кезіккен жерде сирек кездесетін қызық та құнды мәліметті тастамаймын. Сыр бойы күйшілік өнері туралы алғашқы зерттеу еңбекте жарық көрген күйлердің бірқатарын нотаға түсіріп, (Б. Жүсіпов «Жиделібайсын күйлері», Алматы, 2000) қол ұшын бергенім бар. Сол кезде Сыр өңірі күйшілерінің мұрасымен жақын таныса түстім. Күйшілерге қатысты баспасөзде бірнеше ғылыми-танымдық мақала жазғаным болмаса, әзірге бас-аяғы бүтін еңбек жазған жоқпын.

– Дирижер барлық шығарманы орындауға міндетті ме?

– Әдетте, концерт кестесі мен бағдарламасы бас дирижердің құзіретінде дегенмен, кейде орындауға міндетті шығармалар мен концерттер болады. Жалпы алғанда, дирижер де өзге музыканттар секілді орындаушы ғой, тақырыпқа немесе ситуацияға байланысты сахнаға шығуға тура келеді. Сол шығарманы ұнатпауың мүмкін, бірақ тыңдарманға жоғары деңгейде көрсете білуің керек. Міндет деген осы.

– Әлемдік деңгейдегі шығарманы орындау қиын екені белгілі. Өзіңізге талап қойып, оркестрдегі әріптестерді ширатып алатын кездер бола ма?

– Әрине, ішіндегі көркемдік талап деген нәрсе бар. Тартқан күйің, айтқан әнің жетер жеріне жетпей тұрса, несіне жетіскендейсің? Сол үшін барыңды саласың. Басқа ұжым сияқты, оркестр де тірі организм. Талап етесің, ұрысасың, мақтайсың, ренжисің, айналып-толғанасың, бәлкім, жұмыстан босатуың да... Осының барлығын жақсы концерттің әсері жуып-шайып кетеді.

– Өзіңіздің туындыңыз бар ма?

– Дирижер жаңа шығарманың премьерасын әзірлегенде автормен бірдей қызмет атқарады. Сондықтан болар, Қазақстан композиторлар одағына дирижерлерді де мүше ретінде қабылдайды. Оркестрге өңдеп жазған бірен-саран шығарма болмаса, авторлық туынды жазған емеспін. Жазғым келеді, жұрт тыңдағанда көзіне жас алатын шығарманы, тыңдағанда естен кетпес туындыны... әзірге арман ғана. Уақыт көрсетер, келешекке жоспар көп, сәті келгенде жүректі жарып шығатын шығар деп үміттенемін.

– 2023 жылы симфония оркестрінің ашылуына орай, Алматыдан Қызылордаға көшіп келгеніңізден хабардармыз. Өнер адамдары әдетте үлкен қаладан келе қоймайтыны белгілі. Әсеріңіз қалай?

– Соңғы жылдары Сыр өңірінің мәдени өмірінде көптеген жақсы жаңалық болып жатыр. Соның бірі симфония оркестрінің ашылуы екені сөзсіз. Аймақ басшысының тікелей қолдауымен оркестрге қажет дүниенің барлығы алынды. Жаңа концерт залына кірдік. Оркестрге қойылар талап та жоғары. Жас оркестр екен деп аяп жатқан ешкім жоқ. Ашылғалы ірілі-ұсақты 20 шақты концерт қойдық. Осылай тәжірибе жинап, кәсіби тұрғыда жетіле түсеміз.

– Сіз Сыр өңіріне қадам басқалы сүйінші жаңалықтар елді қуантуда. Ел таңдай қаққан Өнер орталығы ашылып, жан-жақтан танымал музыканттар келген. Фортепиано музыкасы кеші көрермендерді бір серпілтіп тастаса, Астана мен Алматы қаласында облыстың өнері мен мәдениет күндері жоғары деңгейде өтті. Жақында Қазақстанның халық әртісі, академик Айман Мұсақожаеваның шығармашылық кешін тамашаладық. Игілікті жұмыста өзіңіздің қолтаңбаңыз бар. Қызылордалықтарды қуантатын тағы қандай жоспарларыңыз бар?

– Қазақстанның Астана, Алматы, Талдықорған, Шымкент тәрізді түрлі қаласынан көшіп келген бірнеше музыкант баспаналы болды. Олар Қазанғап атындағы Қызылорда жоғары музыка колледжінде ұстаздық қызмет атқарады. Алдағы уақытта тағы бірнеше маман көшіп келуге ниет білдіріп отыр.

Сыр сахнасында оркестр сүйемелімен Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегерлері Нұржамал Үсенбаева, есімі елге белгілі скрипкашы Айман Мұсақожаева, композитор Төлеген Мұхамеджанов, скрипкашы Еркебұлан Сапарбаев, пианист Саиддин Балтабайдың шығармашылық кеші өтті. Әзірбайжан композиторы Узеир Гаджибековтың «Аршин мал алан» опереттасының премьерасын қойдық. Астана мен Алматы қаласына өнер сапарын ұйымдастырық. Ақпан айында композитор Артық Тоқсанбайдың концертін дайындап жатырмыз. Қазір Қызылорда симфония оркестрімен өнер көрсеткісі келетін өнерпаздар жеткілікті. Мамыр айында Қазақстан композиторлар одағының фестиваль-форумын жоспарлап, арнайы жазылған жаңа шығармалардың тұсауы кесілмек. Әзірге айтуға тұрарлық жобалар осы ғана.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Мүсілім Әмзе – қауымдастырылған профессор, философия докторы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстан композиторлар Одағының мүшесі. «Мәлік Жаппасбаевтың музыка мұрасы» оқу құралының, «Ғасырлар пернесі», «Дирижер Мүсілім Әмзе», «Сырлы саз», «Көкбалақ» жинақтарының авторы. «Мәңгілік сарын» атты домбыра күйлері антологиясының, «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі», «Шаһнама» атты антология жинақтарының құрастырушысы. «Қазақстандағы этностардың музыкалық мұралары» антологиясының музыка редакторы. Республикалық жас орындаушылар конкурсының, Қ.Ахмедияров атындағы күйшілер конкурсының, М.Төлебаев атындағы республикалық «Алтын таяқша» дирижерлер конкурсының лауреаты және I халықаралық Н.Тілендиев атындағы дирижерлер конкурсының дипломанты. ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Құрмет грамотасы», Қызылорда облыс әкімінің «Құрмет грамотасы», «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісі, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы, халықаралық Түрксой ұйымының «М. Төлебаев – 100 жыл» мерекелік медалінің иегері.

Сұхбаттасқан
Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

Қызылорда атауының авторы

Қоңырқожа – Ташкенттегі Түркістан мұғалімдер семинариясының түлегі. Осы оқу орнын 40 жылда бітірген 400 маманның 67-сі қазақ екені тарихи деректерде айтылады. Осы семинарияны бітірген соң Қоңырқожа Мұңайтпас Лапин ашқан №5 ауылдағы мектептің алғашқы мұғалімі болған екен.

Таяуда Сырдария ауданының әкімі Берік Сәрменбаевтың халық алдында есеп беру жиынында ақсақал Қоңырқожаға мектептің атын беруді сұраған еді. Әлбетте, тұлғаға белгілі бір нысанның атын беру үшін ол тарихи тұлғалар тізімінде болу керек. Бұл мәселе бұрын да көтерілген. Ауыл атын Мұңайтпасқа, мектеп атын Қоңырқожаға бергісі келген халық екеуінің де тарихи тұлғалар тізіміне енгізілмегенін көріп, тоқтапты.


БУКВАРЬ
ДЛЯ
Киргизскихъ Школъ
въ Туркестанскомъ краѣ.
СОСТАВИЛЪ
Завѣдующій Кара-кинскимъ русско-туземнымъ училищемъ.
Кенгеръ Ходжа ХОДЖИКОВЪ
ИЗДАНІЕ ПЕРВОЕ
1912.
ПЕЧАТАЕТСЯ СЪ РАЗРѢШЕНІЯ ТУРКЕСТАНСКАГО УЧЕБНАГО НАЧАЛЬСТВА.

– Қоңырқожаның еңбегі зор. Ол ағарту саласына көп қызмет етті. Алаш қайраткерлерімен бірге тонның ішкі бауындай үйлесе жүріп, тер төкті. Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқай тәрізді қайраткерлермен бірге тізе қосып, қазақтың болашағы жолында еңбек етті. 1917 жылы Ташкентте өткен съезде Қоңырқожа Қожықов президиум мүшесі болған. Сол съезде көтерілген 18 мәселенің әрбірі елдің болашағына бағытталған еді. Оның қазақ балаларының білім алуына арнап шығарған әліпбиі талай жастың көзін ашты. Алғашқы әліппені 1912 жылы басып шығарған. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» да осы жылы басылды. Қоңырқожаның шын есімі – Абдурахман, ал әкесі Қожықтың есімі – Қожарахман, – деді ақсақал.



Қамар Рүстемовтің сөзін қуаттай кетейік. Атақты профессор Тұрсұн Хазретәлі өзінің еңбегінде: «Қоңырқожа жаңашыл мұғалім болды. Орыс тілінде жоғары білім алды. Ал Қазақстан мен Орта Азияның халқы араб харпімен, діни білім жүйесінде білім алып келген болатын. Осы күні діни білім беру жүйесін жаңа заманға бейімдеп, оқытудың мазмұны мен әдістәсілдерін жаңалауды мақсат тұтқан жәдитшілік білім жүйесі қалыптасты. Бұл ХХ ғасырдың бас кезі еді. Бұл оқыту әдісі өзінің тиімділігі бойынша ескі оқыту жүйесін басып озып, отарлық билік ұсынған православтық үлгідегі орыс білім беру ісіне балама бола алды. Тіпті Қазан төңкерісінен кейінгі білім беру реформасына дейін өлкедегі ең басты білім жүйесіне айналды» деп жазады.



Бүгінде Алаш қайраткерлерінің есімімен Қоңырқожа Қожықов та қатар айтылып келеді. Десек те, биыл Қызылорданың астана болғанына ғасыр толып отырғанда оның қала атауының авторы ретіндегі еңбегін басты нысанаға алып, лайықты құрмет көрсетілгені жөн. Бұл – құрғақ сөз емес, Тұрсұн Хазретәлінің «Алаш қозғалысының Оңтүстік қанаты» атты еңбегіндегі Дінше Әділовтің жауабын мысалға ала кетейік. Онда: «...съезд аяқталуға таяған еді. Сол кезде Ақмешіт қаласының атын өзгерту мәселесі көтерілген болатын. Жаңа астананы қалай атау жөнінде ойластық. Қызылорда атауын алғаш ағартушы-ғалым Қоңырқожа Қожықов ойлап тапты. Бұл қос қатпарлы атау, ол екі жақты да қанағаттандыруы тиіс екенін айтты. «Қызыл» - демек большевиктерге ұнайды, ал «Орда» – ұлттық атау. Демек, ол жақ та, бұл жақ та кінә арта алмайды. Бұл ұсыныспен келістік. Сұлтанбек Қожанов съезд төралқасынан кезектен тыс сөз алып ұсыныс жасады: бірінші ұсыныс – Қырғыз республикасын Қазақ республикасы деп атау; екіншісі Ақмешіт қаласын Қызылорда деп атау жөнінде. Съезд екі ұсынысты да бірауыздан қабылдады» делінген.

Міне, дәл сол съездің өткеніне биыл 100 жыл толды. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні де сол, қайраткердің еңбегін ел біледі, тұтас қазаққа жасаған қызметі жетерлік. Ендігі міндет – оның есімін дәріптеу.

Басы 1-бетте

Аян СПАНДИЯР

Үлпат ҚОЖАНАЗАРОВА, №44 орта мектептің тарих пәнінің мұғалімі:

ҚОҢЫРҚОЖАНЫ ҒЫЛЫМҒА БІРІНШІ БОЛЫП ЕНГІЗДІМ

– Дегенмен идея авторы – Қоңырқожа. Бірақ бұл идея не себепті Сұлтанбек Қожановтың аузынан шықты?

– Қоңырқожаның көп идеясы қолдау таппады. Себебі ол жаңа билік үшін ескі жүйенің адамы еді. Қоңырқожаның жиындарға қатысуына көп кедергі болды. Оған қарсы саясат қарқынды жүрді. Қоңырқожа қызылдарға қарағанда Алашқа жақын болды. Бірақ ол соған қарамастан халқына қызмет етті. Олар – алдыңғы қатарлы либерал демократтар. Елді дамыту тұрғысындағы идеяларының барлығын Сұлтанбек Қожанов арқылы жеткізіп отырды. Бұл жерде Қоңырқожадан басқалар қызылдарға жұмыс істеді деп айтпаймын, тек өгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмай, қазаққа қызмет етуді, сындарлы шақтан ұлт ретінде жоғалып кетпеуді ойлады. Олардың әрбір әрекетінің астарында осы ұлттық мүдде тұратын.

– Қоңырқожаның ағарту саласына еңбегі зор болды. Оны көп тарихи деректен біліп жүрміз. Ахмет Байтұрсынұлымен қаншалықты байланыста болды?

– Діни бағыттағы араб әліпбиі арқылы алғашқы әліппені шығарған – Қоңырқожа Қожықов. Ол кітаптың сыртында «Букварь для киргизских школ» деген жазу бар. Ахмет Байтұрсынұлынікі – төте жазу. Екеуі екі кітап, екі автордікі болғанмен, мақсаттары – бір. Қазақ халқының көгіне шығып, күн болуды, қараңғылық құшағынан алып шығуды көздейді. Ол екеуі Орынборда кездескенде Қоңырқожа: «Мен осындай ұлы тұлғамен кездескенімді мақтан етемін», – дейді. Сонда Ахмет Байтұрсынұлы: «Мен сіз айтып отырған адамнан да ұлы тұлғамен кездестім». – деп бір-біріне баға берген екен. Мен Қоңырқожаның ұрпағы Сәуле Қожықовамен тікелей байланыстамын. Көп зерттеулерде көмек болды.

– Қазір әлем таныған тұлғалар туралы айтып отырмыз. Қожық әулеті мен Мұңайтпас әулеті тарихта қатар айтылады. Ең әуелгі жұмыс қалай басталды? Қоңырқожа туралы алғашқы деректі сыр сандықтың түбінен алып шыққан кім?

– Ең бірінші Қоңырқожа Қожықов туралы менің шәкіртім Қарақат Демжанова қорғады. Ол аудандық ғылыми жобалар байқауынан I орынды жеңіп алды. Облыстық деңгейде II орынға табан тіреді. Оған қоса, «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасының арнаулы марапатын алды. Бірақ бұл тек Қожықов туралы. Біз, Қоғалыкөл халқы тарихи көмбенің үстінде отырмыз. Осы тарихи деректердің барлығы ең бірінші Мұңайтпастан басталды. Мен Мұңайтпасты зерттедім. Сералы Лапин туралы көптеген ғылыми жұмыс жаздық. Осы зерттеу аясында Ләтипа Қожықова арқылы мен Қоңырқожа Қожықовты зерттей бастадым. Осыдан барып, Қоңырқожа мен Ләтипадан тараған балаларының тағдырымен таныстым, олардың ел біле бермейтін деректерін таптым. Біз сол уақытта Қоңырқожаны қазақ элитасының жұлдызы етіп көрсеттік. Ең бір кереметі, осы Мұңайтпас әулеті мен Қожық әулетінің ғұмырынан тұтас қазақтың тарихын білуге болады. Біздің ғылыми жобамыздан кейін ғана Қоңырқожа Қожықов тақырыбындағы түрлі конференциялар, жиындар, семинарлар көптеп өткізіле бастады. Біз зерттеуші ретінде сол іс-шаралардың әрбіріне қатыстық. Ал оған дейін Қоңырқожа да, Мұңайтпас та тек ел аузында ғана айтылып жүрді. Мен Қоңырқожаны ғылымға бірінші болып енгізгенім үшін қуаныштымын. Бұл – біздің аға ұрпақ алдындағы ең үлкен парыздарымыздың бірі.

Қоңырқожаның немересі Сәуле Құлахметқызымен бірнеше рет кездестік. Ғылыми жобада бірге болдық, сонан соң ол кісінің өткізген сурет көрмесінде жолықтық. Ұлы тұлғаның ұрпағынан деректер алып, туған жердің төрінде осындай зиялы азаматтардың болғанын, олар туралы тың деректер табыла түскенде кеудемді мақтаныш сезімі кернейді.

– Ғылыми жобалар туралы айып қалдыңыз... Осы ізденістегі шәкірттеріңізді қолдау бар ма? Аудандық, облыстық, республикалық деңгейден әрі қарайғы қадам қалай болады?

– Қынжылатын кездер болады. Мәселен, осы ғылыми жобалар болмай тұрғанда «Мәдени мұра» деген бағдарлама шықты. Сол 2003-2004 жылдардан бастап осы бағдарлама аясында ғылыми жобаларды қорғай бастадық. Ең алғашқы тақырыбым – Құлболды Ишанның Мекке-Мединеден алдырған шежіре белбеуі. Ол кезде кесененің ішінде жай ғана тұратын. Біз шырақшыға барғанда ишанның ұрпағы Зияддин Әбіласанов бізге көрсетіп, таныстыратын. Біз облыстық ғылыми жобалар байқауында осы тақырыпты қорғағанда Мәскеуден орыс археологы, тарихшы, этнограф Льевина келген екен. Ол кісінің көзі бірден шежіре белбеуге түседі. «Мына кітап – дүние жүзінде сирек кездесетін 9 кітаптың бірі. Бұл мұнда қайдан келген?» деп сұрайды. Біз барлық ақпаратты айтып бердік. Мұнан соң орталық мұражайдағылар ешқандай құжатсыз, қолхатсыз шежіре белбеуді алып кетті. Қазір мұражайда тұр. Неге түпнұсқасы бізде, көшірмесі мұражайда тұрмайды? Сонда мұражайдан көргендер түпнұсқасын сұраса, бізге келіп көретін еді... Біздің айырылып қалған нәрсеміз – осы.

Ауылдағы қышқала тақырыбымен тағы бір ғылыми жобалар байқауына қатысқанымда сол кездегі облыс әкімінің өзі «Бізде осындай орындар бар ма?» деп таңданысын жасыра алмады. Мен сол көне қала орнынан табылған терракоталық кірпіштерді апарған едім. Менің жетекшім Мәди Кереев болды. Біздің ғылыми жұмысымыз алғашқы қазба жұмыстарына да қозғау болды. Ауылға келген әрбір археолог алдымен маған мандай тіреп келіп, сол орынға баратын. Ең алғашқы жұмыс 1992 жылдан басталды. Бірақ олар қазып-қазып тастап кетті. Ашылған жердегі кірпіштің бәрін жергілікті халық тонап кетті.

Алпамыстың ғашығы Гүлбаршын тарихта бар ғой. Таңбаланған тарихты ешкім өзгерте алмайды. Бұл Баршынкент – біздің мақтанышымыз. Мен сол уақыттан бері бұл жерден аспанасты музейін ашуға болатынын айтып келемін. Бұл мәселені кешегі кезге дейін атақты археолог Мадияр Елеуов те айтты. Кешегі тоқырау жылдарында халық тарихын түгендемек түгілі, тірі қалудың жолымен алысты. Ол уақыттағы кірпішті алғандарды түсінуге болады. Ал қазір бейбіт заманда, тәуелсіз елде тұрып, біз неге тарихымызды түгендеп, осындай құндылықтарымызды сақтап қалуға талпынбаймыз? Мені осы қатты ойландырады.

Тағы бір айта кетерлігі, 1986 жылдары Жетімасарды зерттегенде адам бейнесі тәріздес алтын айна табылды. Мен сол уақытта студент едім. Ғалымдардан «бұл табылған зат осында қала ма екен» деп сұрадым, ал олар алып кететінін айтты. Кейін мен Мәскеуге барғанымда әлгі табылған жәдігерді әйгілі «Эрмитаждан» көрдім. Біз осылай қанша жәдігерден айырылып қалып жатырмыз.

– Бірді айтып, бірге кетіп жатырмыз. Қоңырқожа тақырыбына қайта оралсақ... Биыл Қызылорданың астана болғанына ғасыр толып жатқанда, бұл атаудың, бұл идеяның авторы ретінде Қоңырқожаны да ұлықтап, туған жеріндегі мектепті Қоңырқожа атымен атау туралы ұсыныс көтерілді. Бұл жөнінде не айтар едіңіз?

– Бұл бүгін көтеріліп отырған мәселе емес. Біз ғылыми жобамызды қорғаған кезде «Мектептің атын Қоңырқожаға берсін» деп ұсыныс жасадық. Бірақ Қоңырқожаны да, Мұңайтпасты да алдымен тарихи тұлғалар тізіміне қосу керек. Мәселен, ғалым Мадияр Елеуов қышқаланы Баршынкент деп айналымға енгізді ғой. Бұл жерде де жоғары дәрежелі ғалымдар жұмыс істеу керек.

– Мұңайтпастың бейітін ең бірінші болып тапқан сіз екенсіз...

– Ауыл іргесіндегі көне «коровник» атанып кеткен аумақтағы қалың шеңгелдің арасынан шәкіртім Нұрболат Ешмаханов екеуміз таптық. Оны ешкім білмейтін. Әкеміздің бағыты арқылы барып, тауып алдық. Кім, қай жылы белгі қойғанына дейін жазылған. Біз сол зиратты ашып алдық та, жарылып құлауға шақ қалғанына дейін суретке түсіріп алдық. Облыстық ғылыми жобада Мәди Кереевтің өзі таңғалды. «Мынау расымен бар ма?» деп сұрақтың астына алды. Мұнан кейін Мұңайтпастың жиені, Қоңырқожаның немересі Сәуле Қожықова, зерттеуші Жұмабай Байзақұлы келді. Бертін келе аталас туыстары жаңартып, белгі қойды. Семинарлар ұйымдастырылды. Осылай Мұңайтпастай даңқты тұлғаның әруағы бір аунап түсті-ау... Ол белгіде «Ескерткіш келіні мен балаларынан 1936 жылы қойылды» деп жазылған. Онда Мұңайтпастың өзі және үш баласы жерленген. Қазір елде қыздан тараған ұрпағы Сәуле Қожықова ғана бар. Басқа ұрпағы да бар, бірақ олар әлемнің әр елінде екен. Сәуле Құлахметқызы олармен байланысып тұратынын айтты.

– Мені қызықтыратыны осындай ұлы тұлғаның ұрпақтарының бүгіні қалай екен? Сол уақытта қазақ зиялыларының басына төнген қауіптен тарыдай шашырады ғой...

– Бір ғана нәрсе айта аламын. Сәуле Қожықованың айтуынша, олар кімнен тараған, ата-бабасының кім болғанын біледі...

– Қарапайым ауыл мұғалімінің осыншалықты еңбек еткені, қанша тың деректерді ғылыми айналымға қосқаны талайды таңдандыратыны сөзсіз. Сіз осы еңбектеріңізбен мақтанасыз ба? Ғылымға түбегейлі бармадым деп өкінетін кездеріңіз бар ма?

– Мен қанша тақырыпты бірінші болып көтеріп, ашып жатқанда да, ешқашан мақтанбадым. Қанша шәкірттің жолын ашып, солар арқылы туған жердің даңқты тұлғаларын танытсам, сол – менің ең үлкен мақтанышым.

Осы ғылымның арқасында мен Қызылорда қаласынан ашылған Сералы Лапин атындағы орта мектептің лентасын қидым. Қаншама аталас туыстары, руластары тұрғанда мені неге шақырды деген ой келгені рас. Сонда маған ерекше әсер еткені «Сералы Лапин туралы дерек іздегенде сол есімнің жанында сіздің есіміңіз қатар жүреді» дегені... Ғылым жолындағы үлкен мақтанышым, ең үлкен жетістігім де осы – туған жер тұлғаларын таныту. Ал сол мектептің лентасын қию – мен үшін ең үлкен мәртебе, зор құрмет.

Атақты Бартольдтің өзі шығыстануда үнемі Сералы Лапиннің көмегіне жүгінген. Мектепте оқушыларыма туған жер тұлғалары туралы көп айтамын. Олар «Апай, расымен біздің ауылдан шыққан ба?» деп таңданып жатады. Мен сонда оларға: «Әрине, Қоңырқожа да, Мұңайтпас та, Сералы Лапин де – барлығы осы топырақтың перзенттері. Ертең сендер де сол кісілердей тұлға боласыңдар», деп оларға жігер беремін...

– Әрине, тамырсыз тасында да тарихы бар туған өлкенің мақтаныштарын ерекшелеп айта беруге болады. Мазмұнды, мәнді сұхбатыңыз үшін алғыс білдіреміз.

Әңгімелескен **Дәулет ҚЫРДАН**

Басы 1-бетте

«ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА...»



Үшінші сөз

Қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағының, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғынының, рас сөзі аз болатұғынының, қызметке таласқыш болатұғының, өздерінің жалқау болатұғынының себебі не?

Һәмма ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: әрбір жалқау кісі – қорқақ, қайратсыз тартады, әрбір қайратсыз – қорқақ, мақтанғыш келеді; әрбір мақтаншақ – қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз – надан, арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады.

Мұның бәрі төрт аяқты малды көбейтеміннен басқа ойының жоқтығынан; өзге егін, сауда, өнер, ғылым секілді нәрселерге салынса, бұлай болмас еді.

Әрбір мал іздеген малым көп болса, өзімдікі де, балаларым да малды болса екен дейді.

Ол мал көбейсе, малшыларға бақтырмақ, өздері етке, қымызға тойып, сұлуды жайлап, жүйрікті байлап отырмақ.

Қыстауы тарлық қылса, арызы жеткендік, сыйы өткендік, барлық қызметінен біреудің қыстауын сатып алмақ, ептеп алмақ, тартып алмақ. Ол қыстауынан айырылған және біреуге тиіспек, я болмаса орынсыздығынан елден кетпек, әр қазақтың ойы осы.

Осылар біріне бірі достық ойлай ала ма? Кедей көп болса, ақысы кем болар еді, малдан айырылғандар көбейсе, қыстауы босар еді деп, мен ананы кедей болса екен деп, ол мені кедей болса екен деп, әуелде ішімізбен қас сағындық. Әрберден соң сыртымызға шықты, жауластық, дауластық, партияластық. Осындай қастарға сөзім өтімді болсын және де ептеп мал жиюға күшім жетімді болсын деп, қызметке, болыстық, билікке таластық.

Сонан соң не момынның баласы бөтен жаққа шығып, еңбек қылып, мал іздемейді, егін, сауданың керегі жоқ болады. Өз басын өзі осындай таласпенен кісі көбейтеміз деп партия жиғандардың бүгін біреуіне, ертең біреуіне кезекпен сатады да жүреді.

Ұрылар тыйылмайды. Ел тыныш болса, оның ұрлығын ешкім сүйемес еді. Ел екі жар болған соң, кім ант ішіп ақтап, арамдығын жақтап, сүйеймін десе, соған жақ болып сүйеніп, бұрынғыдан ұрлығын әлденеше есе асырады.

Елдегі жақсы адамдардың бәрінің үстінен бекер, өтірік «шапты, талады» деген әртүрлі уголовный іс көрсетіп, арыз береді. Оған дознание – тергеу шығарады. Өтірік, көрмегенін көрдім деуші куәлар да әлдеқашан дайындап қойылған, бағанағы жақсы адам сайлауға жарамасы үшін. Ол адам басын құтқармақ үшін жамандарға жалынса, оның да адамдығының кеткені, егер жалынбаса, тергеулі, сотты адам болып, ешбір қызметке жарамай, басы қатерге түсіп өткені. Ол болыс болғандар өзі қулық, арамдықпенен болыстыққа жеткен соң, момынды қадірлемейді, өзіндей арам, қуларды қадірлейді, өзіме дос болып, жәрдемі тиеді деп, егер қас болса, бір түрлі өзіме де залал жасауға қолынан келеді деп.

Осы күнде қазақ ішінде «ісі білмес, кісі білер» деген мақал шықты. Оның мәнісі: «ісіңнің түзулігінен жетпессің, кісіңнің амалшы, айлалылығынан жетерсің» деген сөз. Үш жылға болыс сайланады. Әуелгі жылы: «Сені біз сайламадық па?» деп елдің бұлданғандығымен күні өтеді. Екінші жылы кандидатпенен аңдысып күні өтеді. Үшінші жылы сайлауға жақындап қалып, тағы болыс болып қаларға болар ма екен деп күні өтеді. Енді несі қалды? Осы қазақ халқының осындай бұзықшылыққа тартып, жылдан жылға төмендеп бара жатқанын көрген соң, менің ойыма келді: Халықтың болыстыққа сайлаймын деген кісісі пәлен қадәрлі орысша образование алған кісі болсын. Егер де орталарында ондай кісісі жоқ болса, яки бар болса да сайламаса, уезный начальник бірлән военный губернатордың назначениесімен бірлән болады десе, бұл халыққа бек пайдалы болар еді. Анық себебі: әуелі – қызметқұмар қазақ балаларына образование беруге ол да – пайдалы іс, екінші – назначение бірлән болған болыстар халыққа міндетті болмас еді, ұлықтарға міндетті болар еді.

Уа және назначение қылғанда тергеуі, сұрауы барлығына қарамаса, өтірік арыз берушілер азаяр еді, бәлки жоғалар еді. Уа және әрбір болыс елде старшина басы бір би сайланғандық, бұл халыққа көп залал болғандығы көрініп, сыналып білінді. Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолын, Есім ханның ескі жолын», Әз Тәуке ханның «Күлтөбенің басындағы күнде кеңес» болғанда «Жеті жарғысын» білмек керек. Әм, ол ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендікпенен ескіріп, бұл жаңа заманға келіспейтұғын болса, оның орнына татымды толық билік шығарып, төлеу саларға жararлық кісі болса керек еді, ондай кісі аз, яки тіпті жоқ.

Бұрынғы қазақ жайын жақсы білген адамдар айтыпты: «Би екеу болса, дау төртеу болады» деп. Оның мәнісі – тақ болмаса, жұп билер таласып, дау көбейте береді дегенмен айтылған сөз. Өйтіп би көбейткенше, әрбір болыс елден толымды-білімді үш-ақ кісі билікке жыл кесілмей сайланса, олар түссе, жаманшылығы әшкере білінгендікпенен түссе, әйтпесе түспесе.

Ол билерге даугер адамдар қарамай, екеуі екі кісіні билікке таңдап алып, үстіне біреуді посредникке сайлап алып, біте берсе, егер оған да ынтымақтаса алмаса, бағанағы үш бидің біреуін алып, яки жеребемен сайлап алып жүгінсе, сонда дау ұзамай, бітім болар еді.

Жаңа буын кезеңі басталды

Технологиялық дәуірдің ұрпағы

Бета ұрпағы – бұл технологиялар мен цифрлық әлемнің ортасында өсетін буын. 2025 жылдан бастап жасанды интеллект және робототехника күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналады. «PwC» зерттеулеріне сүйенсек, 2025 жылы еңбек нарығында жаңа мамандықтар сұранысқа ие болады. Жасанды интеллект, роботтар және автоматтандырылған жүйе адам өміріне енген сайын, бұл ұрпақтың жұмысы мен оқуы да өзгеріске ұшырайды. Олар үшін білім беру мен жұмыс істеу жаңа әдістер мен құралдарды талап етеді. Бета ұрпақ үшін технология тек құрал ғана емес, сонымен қатар олардың өмірін жеңілдетіп, жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Виртуалды шындық және жаңа технологиялар білім беру саласында кеңінен қолданыла бастайды. Бета ұрпағы мектепте оқи отырып, әлемнің әр түкпіріндегі адамдармен байланысқа шығып, түрлі мәдениеттермен танысу мүмкіндігіне ие болады. Сонымен қатар бұл ұрпақ тек технологияларды қолданушы ғана емес, оларды жаңарту және дамытуға үлес қосады. Олар – күнделікті қолданылатын жасанды интеллект жүйелерін жетілдіретін жаңа ұрпақ өкілдері. Бета ұрпағының білім алу тәсілі дәстүрлі мектептерден айтарлықтай ерекшеленеді. 2025 жылдан бастап білім беру жүйесі толық цифрландырылып, қашықтан оқыту кеңінен таралады. «UNESCO» деректері бойынша, білім беруде жаңа технологиялар белсенді түрде қолданылады. Виртуалды және шындық білім алушыларға әлемнің кез келген нүктесіндегі деректермен танысуға, мектеп қабырғасымен шектелмей, интернет пен цифрлық алаңдар арқылы білім алады. Оқушылар мен студенттер бір-бірімен әлемнің түкпір-түкпірінен байланысқа шығып, өздерінің білімін жетілдіреді. Білім беру жүйесі оқушының жеке қажеттіліктеріне сай бейімделіп, әр баланың қызығушылығы мен мүмкіндіктеріне қарай оқыту әдістері қолданылады. Бета ұрпағының басты ерекшелігі – сандық сауаттылық, яғни олар тек компьютерлер мен интернетті қолдануды ғана емес, оларды тиімді пайдалану тәсілдерін де үйренеді. Бұл ұрпақтың оқыту жүйесінде басты адамгершілік құндылықтар мен шығармашылық қабілеттерді дамытуға аудару қажет. Технологиялар білім алу процесін оңайлатқанымен, педагогика мен психологияның негізгі принциптері өзгермейді, сондықтан бұл жаңа дәуірде білім мен адам дамуы арасында тепе-теңдік сақталуы тиіс.

Деңгейі бөлек буын

Бета ұрпағының дүниетанымы басқа ұрпақтардан өзгеше болады. Жаһандану және сандық байланыстар олардың көзқарастары мен өмір салтына тікелей әсер етеді. Бұл ұрпақ әлемдегі түрлі елдің мәдениетімен танысып, олардың алуан түрлілігіне құрметпен қарайды. «McKinsey» компаниясының баяндамасына сүйенсек, жаһандық азаматтық және мәдени алуандық 2025 жылдан кейін айтарлықтай маңызға ие болады. Бета ұрпағы сандық кеңістікте түрлі мәдениеттерді тану арқылы танымын кеңейте түседі. Әлемді біріктіретін цифрлық құралдар бұл ұрпаққа әртүрлі көзқарастарды қабылдауға мүмкіндік береді. Олар үшін әртүрлілікті қабылдау және оған

құрметпен қарау басты құндылықтардың біріне айналады. Әлеуметтік желілер мен интернет платформалары оларға байланыс құралы ретінде қызмет етеді. Бұл ұрпақтың өкілдері сандық алаңдарда ғана емес, нақты өмірде де түрлі этникалық және мәдени топтармен бірлесіп жұмыс істейді. Олардың әлеуметтік және мәдени дүниетанымы тұтастай алғанда әлемдік деңгейде қалыптасады.

Табиғатқа жанашыр ұрпақ

Бета ұрпағы экологиялық жауапкершілікке ерекше назар аударады. Климаттың өзгеруі мен табиғи ресурстардың сарқылу мәселелері бұл ұрпақтың күнделікті өмірінде айрықша орын алады. 2025 жылдан кейін, экологиялық сауаттылық мектеп бағдарламаларының бір бөлігіне айналмақ. Бұл буын өкілдері экологиялық таза технологияларды қолдануға және қоршаған ортаға зиян келтірмеуге тырысады. Олар жаңартылатын энергия көздерін пайдалану, энергия үнемдеу және қалдықтарды қайта өңдеу бойынша нақты қадамдар жасайды. Экологиялық жауапкершілік олардың өмір салтына, тұтынушылық әдеттеріне және кәсіби іс-әрекеттеріне енеді. Олар үшін экология мен экономика арасындағы байланыс маңызды болады, себебі олар тек табиғат қорғаушы ғана емес, сонымен қатар табиғатты сақтау арқылы экономикаға да үлес қосады. Бета ұрпағы үшін «жасыл» экономика мен тұрақты даму маңызды бағытқа айналады. Жасыл технологиялар мен экологиялық өнімдерге сұраныс артады, себебі бұл ұрпақ өкілдері экологияға зиян келтірмей өмір сүргісі келеді. Олар үшін экологиялық тұрақтылық тек табиғат қорғау ғана емес, сонымен қатар қоғамның барлық саласындағы тұрақтылықты қамтамасыз ету.

Еңбек нарығы қалай өзгереді?

Бета ұрпағы үшін еңбек нарығы да, жаңа технологиялар мен жұмыс әдістері де өзгереді. «World Economic Forum»-ның зерттеуіне сүйенсек, 2030 жылға қарай көптеген жұмыс орны автоматтандырылады. Бұл ұрпақтың жаңа дағдыларды меңгеруге, жаңалыққа құмар және өзгерістерге жылдам жауап беруге бейім болады. Еңбек нарығында жаңа мамандықтар мен кәсіптер пайда болады, мысалы, робототехниканы басқару, жасанды интеллект жүйелерін дамыту және деректерді талдау. Бета ұрпағы жұмысты тек кеңседе емес, цифрлық кеңістікте де атқарады. Олар үшін жұмыстың еркіндігі мен шығармашылық әлеуетті дамыту мүмкіндіктері маңызды. Бұл ұрпақ үшін жұмыс және жеке өмір арасындағы шекаралар азайып, көптеген қызметті қашықтан орындауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ олар үшін әлеуметтік жауапкершілік пен кәсіпкерлік құндылықтары маңызды. Жаңа стартаптар мен инновациялық жобаларды құрып, жаңа технологиялар арқылы проблемаларды шешуге тырысады. Әрбір жаңа жұмыс орны мен мамандық адам өмірін жеңілдетуге, қоғамды дамытуға бағытталады.

Жаңа көзқарас

Бета ұрпағының құндылығы мен көзқарасы жаңа дәуірдің ерекшелігін көрсетеді. Олар үшін икемділік, шығармашылық, ынтымақтастық және жаһандық азаматтық бірінші орынға шығады. Бета ұрпағы өзін тек өз елінің ғана емес, бүкіл әлемнің азаматы ретінде сезінеді. Олар үшін жаңа мүмкіндіктер мен жаңа шешімдер іздеу маңызды. Адамның жеке әлеуетін дамыту және әлемдегі түрлі мәселелерді шешу басты мақсатқа айналады. Жаңа технологияларды қолдану арқылы олар әлемдегі әртүрлі мәселелерге креативті шешімдер табуға тырысады. Бета ұрпағының құндылықтары тек жеке мүдде ғана емес, бүкіл қоғамның пайдасына бағытталады. Сонымен қатар олар тұрақтылық пен әділдікке назар аударады. Бұл ұрпақтың өкілдері жауапкершілікті сезініп, қоғамдық игілікті қорғауға тырысады.

Бета ұрпағының ізін кім жалғайды?

«Medium.com» сайтында жарияланған мәліметтерге сүйенсек, 2040 жылдардың ортасынан бастап туғандар «Гамма» буыны деп аталады. Олар қарқынды дамыған технологиялық ортада өмір сүрмек. Гамма ұрпағы терең технологиялық интеграция мен тұрақтылық негізінде құрылған қоғамда өсіп-өнеді. Мысалы, 2050-жылдары дүниеге келген балалар роботтар мен жасанды интеллект арқылы шығармашылық және автономды білім алумен айналысады. Ақылды үйлер адам қажеттіліктерін автоматты түрде болжап, соған сәйкес әрекет етеді. Сонымен қатар гамма ұрпағы ғарышта өмір сүруді әдеттегідей қабылдайды: олар тек ғарышқа саяхаттап қана қоймай, Айда немесе Марста өмір сүреді. Бұл процестерде жасыл энергия және қоршаған ортаны қалпына келтіру әдістері маңызды рөл атқармақ.

Бета ұрпағының келешегі мен жаңа технологиялық дәуір адамзат тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі болары сөзсіз. Бұл ұрпақ өз өмірінде үлкен өзгерістерге куә болып, жаңа мүмкіндіктерге жол ашпақ. Технологиялар мен инновациялар олардың өмірін жеңілдетіп, білім алу, жұмыс істеу және әлеуметтік қарым-қатынас жасау тәсілдерін түбегейлі өзгеріп, қоғамды жаңа деңгейге көтереді.

София ТЕМІРБОЛАТ
Фото: www.freepik.com

Басы 1-бетте

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, бетделіп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 4393 **Тапсырыс №47**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Айтолқын АЙТЖАНОВА